

## Түсінік хат

Би өнерімен айналысу оқушылардың жалпы денсаулығына жақсы әсер етеді. Нақты жеңіл қозғалыспен дұрыс жүріп тұруына, иілгіштік қабілетінің артуына, ауамен дұрыс демалуына, музыканың екпінін, буын ырғағын, мазмұнын ажырата білуге көмектеседі. Төменгі сынып оқушылары арнаулы қондырғысыз - ақ залдың ортасында бимен айналысуына болады. Ол үшін ойын түрінде берілетін нақты қимыл қозғалыс жаттығуларына көбірек көңіл бөлуі қажет. Олар қимыл қозғалыспен музыканы үйлестіру шеберлігін дамытады. Барлық бастауыш сынып мұғалімдері мен педагогтарына баланың қозғалыс-қимылының, ағзасының дамуы үшін дене тәрбиесі пәнінің рөлінің ерекше орын алатыны белгілі. Олай болса біздің мектебімізде дене тәрбиесі сабағынан басқа - ырғақ жаттығулары үйірмесі қосымша жүргізіледі.

**Ырғақ** - балалардың қабылдауын қозғалыс-қимыл арқылы белсендіретін сазды-педагогикалық тәртіп.

**Төменгі мектеп жасындағы балалар** үшін жүгіру, билеу, секіру, жалпы ойын түрлері маңызды орын алады. Сондықтан балалар бұл сабаққа қызыға қатысады. Ол үшін әр сабақты түрлендіріп өткізу мұғалімнен ізденіс пен шығармашылықты талап етеді.

Ол үш бөлімнен тұрады: аэробика (10-15 минутке есептеледі), хореографиялық бөлім және еркін қимыл қозғалыстары, ол қазіргі әуендермен орындалады.

**Аэробика** - арнайы әуен ырғағымен орындалатын жаттығу түрлері.

Сабақтың негізгі бөлігі - **хореография**, мұнда балалар халық билерінде кездесетін негізгі қимыл-әрекеттерді үйреніп қана қоймай, пластикалық қозғалыстарға жаттығады.

Сабақтың соңында балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында әр түрлі әуендерге 10 минут еркін ырғақта билейді.

**Ырғақты жаттығулардың мақсаты** - әуен ырғағына ере отырып, өз денелерін еркін қозғалысқа енгізе отырып, жеңіл және күрделі қимылдарды өздерінен орындай алуға машықтандыру.

Бұл мақсатқа жету үшін төмендегі жаттығуларды қолдану қажет:

- Есте сақтау, ұқыптылық және қоғамдық ортадағы дамуына;
- Қимыл-әрекетінің шапшаңдығына;

- Негізгі іс-әрекетті игеруіне: жүру, жүгіру, секіру, жүрудің әр түрлеріне;
- Дене ағзасын еркін ұстауына т.б.

Сонымен қатар бұл сабақтың балалар үшін маңыздылығы сол, баланың танымдық әрекетінің, сұлулық пен көркемдікті сүюіне өз ықпалын тигізеді.

**Би** — музыкалық ырғаққа сай дене қимылымен көрсетілетін өнер. Адамдардың күнделікті еңбек процесіндегі іс-әрекеттері, қоршаған дүниеден алған сезім-әсерлері би қимыл-қозғалыстары мен ишараларына негіз болған. Табиғат құбылыстарын, аңшылық және соғыс көріністерін белгілі жүйеге түскен ырғақты қимыл — бимен бейнелеу көне дәуірде өмір талабынан туды.

Би хореографиясы жинақы образдар арқылы болмысты бейнелеп, адамның ішкі жан дүниесін көрсетеді. Экономикалық, әлеуметтік, тарихи географиялық, т.б. факторлардың әсерімен де әр халықтың өзіне ғана тән би дәстүрлері, өзіндік [хореография](#) тілі, пластикалық бейнелілігі, қимыл-әрекетті музыкамен байланыстыру тәсілдері пайда болды.

**Би** — қазақтың халық фольклорының көне түрлерінің бірі. Ол туралы [Қазақстан](#) жерінде сақталған тастағы суреттер, тарихи деректер, орыс саяхатшылары, тарихшылары, ғалымдарының этнографиялық жазбалары сыр шертеді.

**Би** - музыка өнерімен сабақтас сабақтас халық өнерінің бір түрі. Қазақтың би өнері ерте заманнан бастау алып, күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Би өнері халқымыздың салт - дәстүрі, тұрмыс - тіршілігіне байланысты туындаған. Қазақтың ежелгі би өнері жайлы ертегі, аңыз, дастандарда айтылады. Ертедегі қазақ билері киіз үйлердің ішінде биленетін болғандықтан, алуан түрлі қимылдармен қатар бет - әлпет құбылулары арқылы да бейнеленген.

Сондықтан балалар бұл үйірмеге қызыға қатысады. Ол үшін әр сабақты түрлендіріп өткізу мұғалімнен ізденіс пен шығармашылықты талап етеді.

### **Би үйірмесінің мақсаттары:**

Ерте заманнан қалыптасып, халқымыздың аса бай мұрасымен бірдей дамыған би өнері туралы, қазақтың белгілі бишілері жайлы тиянақты түсінік беру.

Оқушылардың дене бітімін шынықтырып, күшейту. Музыканы есту және баулу қабілетін теория және практика жүзінде іске асыру. Биді

түсіну және билеу қабілетін қалыптастыру. Өзін - өзі ұстай білуге тәрбиелеу.

### **Би үйірмесінің міндеттері:**

- Сезіну, есту қабілетін дамыту.
- Қимыл - қозғалыс аппараттарының жүрек қан айналымын реттеп, жақсарту.
- Дененің дұрыс бітімін қалыптастыру, дұрыс демалу, дер кезінде дұрыс қимылдарын жетілдіру.
- Музыкалық шығармалардың буын - ырғағын, екпінін, мазмұнын дұрыс түсінуге дайындау.
- Теория және практика жүзінде қозғалысын дұрыс сезіне білу.
- Билеу кезінде би қозғалысы арқылы оның мәнерлілігін арттыру.
- Би қозғалысы кезінде би үйрену дағдыларын қалыптастыру.
- Оқушылардың би әуендерін сезіну, түсіну қабілеттерін дамыту, есте сақтау ілікке, еңбекқорлыққа, табиғатты сүйе білуге, эстетикалық талғамын арттыруға, патриоттық сезімге би өнері арқылы тәрбиелеу.

### **Күтілетін нәтиже:**

Би өнерімен айналысқан ұлдар мен қыз балалар денесінің сымбаттылығымен, әдемі жүріс - тұрысымен, музыкалық ырғақты ажырата білуімен ерекшеленеді. Би өнерімен айналысу шығармашылық шеберліктердің негізін қалап, өзін - өзі жетілдіруге деген қызығушылығын арттырады.

### **Курстың ұйымдастыру формасы:**

- Түсіндіру;
- Топпен жұмыс;
- Сайыс;
- Сахналық жұмыс

**Қараөзек ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің**

**2024-2025оқу жылына арналған би үйірмесінің жылдық жоспары**

<b>№</b>	<b>Сабақтың тақырыбы</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Әдіс- тәсілдері</b>
1	Би туралы мәліметтермен таныстыру және әңгімелеу	1		Әңгімелеу, сұрақ-жауап
2	Бастапқы қалып. Денені дұрыс ұстау. Тұрақтылыққа арналған жаттығулар	1		Топпен жұмыс
3	Ұлдар мен қыздардың көпшілікке иіліп сәлем беруін үйрету	1		Әңгімелеу, топпен жұмыс
4	Қол , аяқ (позициялары) тұғырлары	1		Сұрақ-жауап
5	Дөңгелекте әр түрлі қимылмен жүгіру	1		Топпен жұмыс
6	Аппақ гулдер биі	1		Әңгімелеу Топпен жұмыс
7	Жүрек биі	1		Топпен жұмыс
8	Домбыра биі	1		Топпен жұмыс
9	«Үнді» биі	1		Әңгімелеу, топпен жұмыс
10	«Цыган» биі	1		Топпен жұмыс
11	Классикалық би жаттығулары	1		Топпен жұмыс

12	Матрос биі	1		Топпен жұмыс
13	Лезгинка биі	1		Топпен жұмыс
14	Вальс	1		Топпен жұмыс
15	Балдық би	1		Топпен жұмыс, сұрақ-жауап
16	Қазақ вальсі	1		Топпен жұмыс
17	Өзбек би туралы түсінік	1		Әңгімелеу, сұрақ- жауап
18	Өзбек биі	1		Топпен жұмыс
19	Қамшы биі	1		Сұрақ- жауап, топпен жұмыс
20	Шығыс биі	1		Әңгімелеу, сұрақ- жауап Топпен жұмыс
21	Қолшатыр биі	1		Топпен жұмыс
22	Батырлар биі	1		Топпен жұмыс
23	Қуыршақ биі	1		Топпен жұмыс
24	Көбелек биі	1		Топпен жұмыс
25	Аққу биі	1		Сұрақ-жауап топпен жұмыс
26	Татар биі	1		Әңгімелеу, сұрақ- жауап Топпен жұмыс
27	Орыс халық биі	1		Топпен жұмыс
28	Белорус биі	1		Топпен жұмыс
29	Украйын биі	1		Әңгімелеу, сұрақ- жауап
30	Қазақ биі «Білезік»	1		Топпен жұмыс
31	«Сальса» биі	1		Топпен жұмыс, сұрақ-жауап
32	«Павлин» биі	1		Топпен жұмыс
33	Қазіргі замаңғы билерді үйрету	1		Топпен жұмыс
34	Хип-хоп	1		Топпен жұмыс
35	Қара жорға биі	1		Топпен жұмыс
36	Би үйірмесінің қорытынды сабақ.	1		Білімді тексеру Әңгімелеу, сұрақ- жауап

**Үйірмеге қатысатын оқушылар тізімі**

<b><i>P/c</i></b>	<b><i>Оқушының аты-жөні</i></b>	<b><i>Сыныбы</i></b>	<b><i>Өтілетін күні</i></b>
<b><i>1.</i></b>			
<b><i>2.</i></b>			
<b><i>3.</i></b>			
<b><i>4.</i></b>			
<b><i>5.</i></b>			
<b><i>6.</i></b>			
<b><i>7.</i></b>			
<b><i>8.</i></b>			
<b><i>9.</i></b>			
<b><i>10.</i></b>			
<b><i>11.</i></b>			
<b><i>12.</i></b>			

<b>13.</b>			
------------	--	--	--